

**Атбасар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 ақпандағы № 6С 9/11 "Атбасар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 8С 10/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 желтоқсанда № 8679-03 болып тіркелді

Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атбасар аудандық мәслихатының "Атбасар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" 2017 жылғы 22 ақпандағы № 6С 9/11 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5859 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар аудандық мәслихатының төрағасы*

*Н.Рахимов*